қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейін және біліктілігін тұрақты түрде арттыру;

қызметтік жағдайын теріс пайдаланулуға, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде негізсіз бюрократиялық және қағазбастылық көріністерге, сондай-ақ дөрекелік пен теріс пікір көрсетуге жол бермеу;

жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандығы мен заңды мүлдерін сақтау және қорғауды қамтамассыз ету;

әріптестерімен жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қолдану және оны сақтауды талап ету.

3.2. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге шешімдерді даярлау және қабылдау кезінде:

Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау;

құпиялықты сақтау және қызметтік, мемлекеттік құпияны қамтамассыз ету;

кәсіптік (қызметтік) әдепті сақтау;

оны сыбайлас жемқорлық құқықтық бұзушылық жасауға өзге тұлғаладрың мәжбүрлеу жағдайы туралы мектеп директорына, уәкілетті мемлекеттік органдарға кідірместен жазбаша нысанда хабарлау;

еңбек тәртібін мүлтіксіз сақтау, берілген өкілдікпен тиімді басқару; өзінің қызметтік міндеттерін адал, бейтарап және сапалы орындау, жұмыс уақытын тиімді пайдалану;

лауазымдық міндеттерін атқаруда жеке және заңды тұлғаларға артықшылық көрсетпеу, олардың ықпалынан тәуелсіз болу;

жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілердің және өзге де тұлғалардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайы пайдаланбау;

үшінші тұлғалардың мүддесін ұсыну мен лоббилендіруден тартыну, оларлың атынан әрекет ету онымен тең;

өзге мемлекеттік органдар, ұйымдар мен кәсіпкерлік субъкетілер қызметіне заңсыз араласуды жүзеге асырмау;

бейтарап қызметтік шешім қабылдауға ықпал етуі мүмкін белгіленген өзара қарым-қатынас тәртібін бұзатын өтінішпен және басшысына жүгінуден тартыну.

3.3. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын даярлау кезінде:

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүлдерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын Қазақстаны Республикасының Ұлттық палатасына сараптама қопытындысын алу үшін, сонымен қатар мүдделі мемлекеттік органдармен осы жобаны кейін әр келісу кезінде түсіндерме жазбаны міндетті түрде бере отырып жолдау;